



# Талдықорған

Ұлт болашағы өз қолымызда!

12+

Газет 1992 жылдың 2-наурызынан шыға бастады



www.taldykorgan-online.kz  
e-mail: taldyk@bk.ru



№51 (1841) Жұма, 20-желтоқсан 2024 жыл / Қоғамдық-саяси газеті

## ҰЛТ МҮДДЕСІ



**Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,**  
Қазақстан Республикасының Президенті:

— Тәуелсіздік —

халқымыздың азаттық туралы арманы ақиқатқа айналып, елдік дәстүрлеріміз жаңғырған күн. Осы мерейлі мерекеде бәріміз бабалар аманатына әрдайым адал болудың және ұлт болашағына зор жауапкершілікпен қараудың мән-маңызын терең түсінеміз. Себебі тәу етер Тәуелсіздігіміз — баршаға ортақ құндылық әрі барлық игілігіміздің бастауында тұрған баға жетпес байлық. Тәуелсіздігімізден биік еш нәрсе жоқ. Оны көздің қарашығындай қорғау — әр азаматтың перзенттік парызы.

Бүгінде Қазақстан халықаралық деңгейдегі абырой-беделі жоғары, стратегиялық бағдары айқын мемлекет ретінде болашаққа нық сеніммен қадам басып келеді. Халқымыз бұған еселі еңбек пен ырысты ынтымақтың арқасында қол жеткізді. Біз осы берекелі бірлігімізді, қоғамдағы тыныштық пен тұрақтылықты сақтай отырып, қиындықтың бәрінен сүрінбей өтеміз. Тәуелсіз еліміз өркеніетті, озық мемлекет ретінде дамып, өсіп-өркендей берсін!

## ҚУАТТЫ Өңір – ҚУАТТЫ ЕЛ

# ЖЕТІСУ ӨЛКЕСІНІҢ ДАМУ ӘЛЕУЕТІ

Кеше Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев Астана қаласындағы Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингке қатысып, журналистер сауалына жауап берді.

### НЕГІЗГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНДИКАТОРЛАР ЖОСПАРЫ

Жетісу облысында биылғы жылдың бір айында негізгі индикаторлар бойынша жоспар орындалып, қысқа мерзімді экономикалық индикатор 112,3% құраған. Өңір басшысының айтуынша, салалар бойынша ауыл шаруашылығындағы өсім – 3,7% немесе 405,3 млрд. теңге, өнеркәсіпте – 3,6% немесе 310,5 млрд. теңге, тұрғын үйді пайдалануға беру 4,4%-ды құрады немесе 283,7 мың ш.м., құрылыс жұмыстарының көлемі 1,4 есеге, сауда көлемі 1,3 есеге ұлғайды.

### АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІН ДАМУ

Биылғы жылы облыстың агроөнеркәсіп кешенін дамытуға 35 млрд. теңге бағытталды, оның 23,3 млрд. теңгесі немесе 66,6% – субсидиялар.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқаптары 510 мың га құрады. 872 мың тонна дәнді дақылдар, 195 мың тонна майлы дақылдар, 266 мың тонна көкөніс-бақша дақылдары, 132 мың тонна картоп өндірілді.

Өздеріңізге мәлім, қант өндіруге ерекше көңіл бөлінеді. Ақсу қант зауыты толық жөндеуден өтіп, пайдалануға берілді. Облыстың 5 ауданында 8 жаңа сервистік-дайындау орталығы құрылып, 30 шаруа қожалығына құны 2,5 млрд. теңгеге қант қызылшасы өндірісіне қажетті 62 бірлік техника сатып алынды. Биыл қант қызылшасының егіс алқабы 1,7 есеге ұлғайып, 13,7 мың гектарға жеткізілді, одан рекордтық өнім - 635 мың тонна тәтті түбір жиналды, - деді Б. Исабаев.

### ТӨРТ ТҮЛІКТІҢ САНЫ ӨСУДЕ

Жетісуда төрт түліктің саны 2,5 млн. басқа жетті. Сол сияқты ет пен сүт өндірісі артты.

Өңір басшының айтуынша, 2024-2026 жылдары жалпы құны 33,2 млрд. теңге болатын 31 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланған, соның 13-і осы жылы іске қосылды.

### 43 ЖАҢА ӨНДІРІС ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Жетісу облысы құрылғаннан бері 43 жаңа өндіріс іске қосылып, жұмыс істеп тұрған 9 өндіріс кеңейтілді. Соның нәтижесінде бір мыңнан астам адам жаңа жұмыспен қамтылды.

Мемлекет басшысының Жолдауында атап көрсетілгендей, біз еліміздің өнеркәсіп әлеуетін толық пайдалану үшін жан-жақты шаралар қабылдауымыз қажет. Бұл ретте қазір облыста цемент, аккумулятор батареялары, керамика плиткаларын шығару жолға қойылып, құрама жем, күн панельдерінің өндірісі дамуда. Жалпы өңірде 549 өнеркәсіп орны тіркелген, онда 30 мыңнан астам адам жұмыс істейді. Оған қоса Жетісуда баламалы энергетиканы дамытудың зор әлеуеті бар, - деді Б. Исабаев.

Жалпы, облыстың 2030 жылға дейінгі инвестициялық портфелінде 2,6 трлн. теңгеге 189 жоба бар, онда он бір мыңнан



астам жұмыс орнын құру көзделген, оның ішінде 121 жоба іске асыру сатысында.

### ҚОРҒАС ЖЕЛІСІ МЕН «ДОСТЫҚ» СТАНЦИЯСЫ – ЖЕТІСУДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ НҮКТЕЛЕРІ

Облыстағы экономикалық өсу, әрі инвестиция тарту нүктелері - Қорғас желісі мен «Достық» станциясы. Қытаймен шекаралас бұл аймақтардың көлік-логистикалық әлеуеті зор. Осы орайда инвестиция тарту, жүк легі мен транзитті ұлғайту, өткізу пункттерін жаңғырту бағытында тұрақты жұмыстар жүргізіліп келеді, - деді Б. Исабаев.

### БИЫЛ 2 МИЛЛИОННАН АСТАМ ТУРИСТ КЕЛДІ

Жетісу облысында туристік инфрақұрылымды дамыту бағытында атқарылған белсенді жұмыстар туристер санының өсуіне ықпал еткен. Соның нәтижесінде биыл өңірге 2,0 миллионнан астам турист келді.

Өздеріңізге белгілі, жер жәннаты Жетісуда көптеген туристік орындар бар. Солардың ішінде Алакөл өңірдің інжу-маржаны саналады. Сондықтан көл жағалауындағы инженерлік инфрақұрылымды дамытуды қолға алдық.

Бейбіт Исабаевтың айтуынша, Жетісу облысының туристік әлеуетін көтеретін екінші бағыт – Балқаш көлі. Балқашқа дейінгі 132 шақырым жолдың 122 шақырымында құрылыс аяқталды, қалған 10 шақырымы 2025 жылғы туристік маусымға дейін толық пайдалануға беріледі. Сонымен қатар көл жағалауына инженерлік инфрақұрылым тартылуда, бұл мақсатқа 2024 жылға республикалық бюджеттен 2,2 млрд. теңге бөлінді. Келесі жылдың соңында жобаны аяқтау жоспарлануда.

### 2708 ПӘТЕР САЛЫНДЫ ЖӘНЕ САТЫП АЛЫНДЫ

Жетісу облысында биыл тұрғын үй құрылысына 7,6 млрд. теңге бөлінді. Бұл қаржы 56 көп қабатты мен 214 жеке тұрғын үй салуға бағытталды. Бұдан

бөлек, халықтың әлеуметтік осал топтары үшін 866 пәтер сатып алынды, оған 15,9 млрд. теңге көзделген.

Жалпы биыл 2 708 пәтер салынды және сатып алынды, оның 1113 пәтерлік 129 үйі бюджет есебінен, 469 пәтерлік 9 үйі - коммерциялық тұрғын үй, 866 пәтер тұрғын үй сатып алу арқылы, 260 пәтерлік 4 үй демеушілер есебінен, - деді Б. Исабаев.

### ӘЛЕУМЕТТІК ОБЪЕКТІЛЕРДІ ЖАҢАРТУ ДЕҢГЕЙІ 50%-ҒА ЖЕТТІ

Жетісу облысы құрылғаннан бері жөндеу мен жаңа құрылыс жүргізудің арқасында объектілерді жаңарту 50%-ға жетті. Мысалы, білім беру саласында 5310 орынды 15 жаңа мектеп пайдалануға беріліп, 19 нысан күрделі жөндеуден өтті. Ал денсаулық сақтау саласында 98 нысан іске қосылды.

### ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН СУМЕН ҚАМТУ ДЕҢГЕЙІ 91,3 %

Биыл Жетісу облысында орталықтандырылған ауыз сумен қамту деңгейі 91,3% жетті, бұл халық санына шаққанда – 99,7 %.

Биыл орталықтандырылған ауыз су жүйесіне Алакөл ауданындағы Тоққайлау, Бибақан ауылдары қосылды, 298 км желі жөнделіп, облыстың 17 елді мекенінде ауыз судың сапасы жақсарды, - деді облыс басшысы.

Жалпы 2023-2024 жылдары 125,3 км сумен жабдықтау желілері салынып, 306,8 км желілер қайта жаңғыртылды.

Атап өтсек, 2025 жылға 13 жобаны іске асыру үшін 4,3 млрд. теңге бөлінді. 2025 жылдың қорытындысында орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету деңгейі 92,5% жетеді немесе 331 елді мекен қамтылады.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

(Қысқартылған нұсқасы. Толығырақ www.taldykorgan-online.kz желілік басылымында)



## ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

### ТЫҢҒЫЛЫҚТЫ ІС ТОЛАЙЫМ ТАБЫС ӘКЕЛЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жетісу облысына сапары Қаратал ауданында жалғасты. Президент Ескелді би ауылында биыл пайдалануға берілген Мәдениет үйі мен спорт кешенінің ғимаратын аралап көрді.

Жергілікті бюджет есебінен бой көтерген 150 орындық мәдениет үйінде кітапхана, әжелер мен домбырашылар ансамбльдері, би үйірмесі секілді ұжымдар орналасқан. Мемлекет басшысы ауыл кітапханасымен танысты. Сондай-ақ өнерпаз балалармен жүздесіп, еліміздің лайықты азаматы болып өсуіне тілектестік білдірді.

Президент мәдениет үйіне музыкалық жабдықтар мен суретші Ә.Баяндиннің картинасын тарту етті.

Биыл облыстың шалғай ауылдарындағы бес мәдениет үйі күрделі жөндеуден өтіп, сегіз клуб жаңадан салынған. Сонымен қатар бұқаралық спортты дамыту мақсатында елді мекендерде 15 шағын спорт нысаны ашылды.

Соның бірі – Ескелді би ауылындағы спорт кешені. Ауыл тұрғындары мұнда тоғызқұмалақ, шахмат, дой-би үйірмелеріне, бокс, күрес, волейбол, баскетбол секцияларына қатысады.

Президент ауыл балаларымен әңгімелесіп, мемлекет тарапынан өскелең ұрпақтың алаңсыз білім алуына, спортпен айналысуына қолайлы жағдай жасалатынын жеткізді. Бұдан кейін Мемлекет басшысы Үштөбе қаласында орналасқан Кемел Тоқаев атындағы орта мектепке барды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа мектеп директоры Ләззат Испанова оқушылардың жетістіктері туралы айтып, жазушы мұражайымен таныстырды. 1997 жылы құрылған музейге қаламгердің тұтыңған заттары, фотосуреттері, құжаттары мен кітаптары қойылған. Президентке жазушының өмірі мен шығармашылығына арналған зияткерлік ойын және повестерінің желісі бойынша шағын қойылым көрсетілді.

Мемлекет басшысына «Кемел Тоқаев атындағы қайырымдылық қоры» атқарған жұмыстар жөнінде баяндалды. Биыл Қордың құрылғанына 15 жыл толып отыр.

## ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ – АЗАМАТТЫҚ БОРЫШ

Мемлекет басшысы Үштөбе қаласында орналасқан Қаратал ауданы қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің ғимаратын аралап көрді. 1983 жылдан бері қолданыстағы нысан быыл күрделі жөндеуден өтіп, қазан айында аталған мекемеге берілген. Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықов Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысына Smart-әскери коммандо жобасы туралы баяндады. Жаңа бастамаға сәйкес азаматтар автоматты түрде әскери есепке алынады.

Министрдің айтуынша, жыл сайын 17 жастағы 160 мыңнан аса жасөспірім автоматты түрде әскери есепке тұрғызылады. Сондай-ақ министрлік жұмылдыру ресурстарының ақпараттық жүйесін құрған. Цифрлық трансформация Қазақстандағы

16 мен 60 жас аралығындағы барлық ер азаматты қамтиды. Бұл жұмыс қағаз нұсқада жүргізілген кезде есепте 2,5 миллион азамат болған. Ақ цифрлық форматқа көшкеннен кейін олардың саны 6,8 миллионға жеткен.

Бұдан бөлек, IT саласы бойынша білімі бар сарбаздар «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатына сәйкес Arma.kz ақпараттық қызметін жасап шыққан. Аталған жоба тәрбие және идеологиялық жұмыстарды ұйымдастыру мақсатында жасанды интеллект арқылы әзірленген. Ата-аналармен кері байланысқа ыңғайлы бұл қызметтің мобильді нұсқасы да бар.

Қасым-Жомарт Тоқаев әскерге шақырылған азаматтармен әңгімелесіп, оларға Отан алдындағы борышын өтеуде сәттілік тіледі.

– Елге қызмет ету – азаматтық борыш. Бұл – өте маңызды жұмыс, қасиетті парыз. Үлкен әскери мансаптарға жетіп, генерал атаныңыздар. Азаматтық міндетті абыроймен атқарыңыздар. Антқа адал болыңыздар! – деді Мемлекет басшысы. Akorda.kz

## ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

### ЖЫЛУ-ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫН ДАМУ ТҮРІНДЕ ЖОБАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

2024 жылы Энергетика министрлігінің «Жылу-электр энергетикасын дамыту» бюджеттік бағдарламасы шеңберінде республикалық бюджеттен 14 жобаны іске асыру үшін 58,3 млрд теңге бөлінді.

Оның ішінде жылумен қамтамасыз ету бойынша алты жоба, электрмен жабдықтау бойынша сегіз жоба бар. Жобалардың бірі қазірдің өзінде жұмыс істеп тұр, атап айтсақ, Орал қаласының «Ақжайық» ЕТЖҚ ауданында 110/10 кВ қосалқы станция пайдалануға берілді.

Сонымен қатар қайтарымды инвестициялардың жылдық лимиті 32 млрд теңгеден 428 млрд теңгеге дейін ұлғайтылды. Бұл жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдар үшін негізгі жабдықты жаңғырту, кеңейту және реконструкциялау жөніндегі жобалар пулын кеңейтуге мүмкіндік берді.

Қазіргі уақытта жалпы қуаты 2,8 ГВт болатын 22 инвестициялық келісім бар, оның ішінде лимит ұлғайғаннан кейін жалпы қуаты 1,36 ГВт болатын 13 келісім жасалды.

2023 жылғы қарашада «Қазақстан БЭЖ Батыс аймағының электр желісін күшейту» жобасы сәтті іске асырылды, оның шеңберінде «Батыс Қазақстан энергия торабы – Атырау – Маңғыстау» бағыты бойынша ұзындығы 780 км болатын 220 кВ электр беру желісі (ЭБЖ) салынды. Бұл қадам электр қуатының өткізу мүмкіндігі мен сенімділігін арттыруға бағытталған.

Келесі қадам ретінде 2028 жылдың соңына дейін Батыс аймақтың электр желілерін Бірыңғай электр энергетикалық жүйемен біріктіру жобасы іске асыры-

латын болады, ол үшін Ақтөбе және Атырау облыстарын жалғайтын ұзындығы 604 км болатын 500 кВ ЭБЖ салынады. Бұл Солтүстік және Оңтүстік аймақтардың электр энергиясы мен қуатының теңгерімсіздігін өтеу үшін Батыс аймақтың маневрлі газ энергия көздерін пайдалануды қамтамасыз етеді. Қазіргі уақытта жобалау-металдық құжаттама әзірленуде, құрылыс-монтаждау жұмыстарына 2025 жылы кіріседі.

Оңтүстік өңірлердің тұтынушыларын энергиямен жабдықтау сенімділігін арттыру және Орталық Азия елдерінің энергия жүйелерінің жұмыс режимдерімен байланысты апаттық бұзушылықтардың туындау тәуекелдерін азайту Оңтүстік аймақтың (Шу–Жамбыл–Шымкент) электр желілерін күшейтуді талап етеді. Қазіргі уақытта «KEGOC» АҚ аталған жобаны іске асыруды бастады, оның 1-кезеңі 2027 жылы аяқталады, оның шеңберінде Шу–Жамбыл–Шымкент бағыты бойынша ұзындығы 475 км 500 кВ ЭЖ салынады. Қазіргі уақытта ЖСҚ әзірлеу жүріп жатыр.

Еліміздің солтүстік және оңтүстік өңірлері арасындағы байланысты одан әрі күшейту, сондай-ақ транзиттік әлеуетті арттыру үшін кернеуі +/-500 кВ «Солтүстік-Оңтүстік» тұрақты ток желілерін салу жоспарлануда.

Қазақстанның бүкіл Біртұтас электр энергетикалық жүйесін айналып өтуге мүмкіндік беретін еліміздің батыс және оңтүстік аймағын жалғайтын тұрақты ток желісін салудың орындылығын зерделеу жүргізілуде.

Бұл жобаларды іске асыру тұрақты әрі сенімді электрмен жабдықтауға мүмкіндік береді, сондай-ақ ұзақ мерзімді энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ете отырып, Қазақстанның энергетикалық инфрақұрылымын дамытуға ықпал етеді.

@KZgovernment

## Талдықорған қалалық мәслихатының «Заңдылықты сақтау, қала құрылысы, тұрғын үй шаруашылығы және жол-көлік инфрақұрылымы мәселелері жөніндегі» тұрақты комиссиясының ХАТТАМАСЫ

Талдықорған қаласы, Өтенай ауылдық округі, Ынтымақ ауылы,  
13 желтоқсан 2024 жыл,  
сағ: 16:00  
(№30 орта мектеп)

Көпшілік тыңдау отырысын жүргізген - №18 сайлау округінің депутаты, «Заңдылықты сақтау, қала құрылысы, тұрғын үй шаруашылығы және жол-көлік инфрақұрылымы мәселелері жөніндегі» тұрақты комиссияның төрағасы Серік Максимұлы Жансәңгіров.

Хатшы: қалалық мәслихат аппаратының бас маманы – Өлібек Батырбекұлы Келдібек.

### КҮН ТӨРТІБІНДЕ:

Талдықорған қаласының құрамдас бөліктеріне атау беру туралы Қатысқандар:

Талдықорған қалалық мәслихаттың депутаттары, қалалық әкімшілік өкілдері, қалалық ардагерлер кеңесінің мүшелері, қоғамдық ұйымдар өкілдері, қала тұрғындары, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері және 3-бөлімше, «Береке» коттедж қалашығының 72 тұрғыны.

Талдықорған қалалық мәслихатының «Заңдылықты сақтау, қала құрылысы, тұрғын үй шаруашылығы және жол-көлік инфрақұрылымы мәселелері жөніндегі» тұрақты комиссиясының отырысының төрағасы С. Жансәңгіров отырысты ашық деп жариялап, шақырылғандарды күн тәртібімен таныстырды.

### Сөйлегендер:

Күн тәртібінің мәселесі бойынша отырыс төрағасы Талдықорған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Эльмира Кенжеғалиқызы Мұқышевға берді. Бөлім басшысы 11 кеше бойынша баяндама жасады:

№	Бұрынғы атауы	Жаңа атауы
1	Оңтүстік-батысында орналасқан атауы жоқ 3 көше (3 бөлімше)	Көктен Қоңырбайұлы
2	№4 жаңа көше «Береке» тұрғын үй алабы	Өріпбай Алыбаев
3	№5 жаңа көше «Береке» тұрғын үй алабы	Жұматай Жақыпбаев
4	№9 жаңа көше «Береке» тұрғын үй алабы	Көлсай
5	№10 жаңа көше «Береке» тұрғын үй алабы	Ақши
6	№11 жаңа көше «Береке» тұрғын үй алабы	Қызғалдақ
7	№13 жаңа көше «Береке» тұрғын үй алабы	Бурабай
8	№17 жаңа көше «Береке» тұрғын үй алабы	Аманбектер
9	№18 жаңа көше «Береке» тұрғын үй алабы	Зеренді
10	№19 жаңа көше «Береке» тұрғын үй алабы	Жетібай
11	№20 жаңа көше «Береке» тұрғын үй алабы	Жиренкөл

Комиссия төрағасы, №18 сайлау округінің депутаты С. М. Жансәңгіров: Жұматай Жақыпбаев бойынша келесі сөз, Талдықорған қалалық жазушылар одағының өкілі Сұлтанғазы Асылға беріледі.

Талдықорған қалалық жазушылар одағының өкілі Сұлтанғазы Асыл: Жұматай Жақыпбаев (1945-1990) Ақын, жазушы. Алматы облысы, Ескелді ауданында дүниеге келген. Ақын қазақ өлеңіне нәзік те сырпаз сезімге, сырлы сөздерге толы, өсем нақышпен өрнектелген қанық бояулы жырлар әкелді. Жас кезінде оған Тұманбай Молдағалиев: «Жұматай! Сен қазақтың болашақ ұлы ақындарының бірісің!» – деген екен. Олжас Сүлейменов: «Жұматай – истинный и даже редкий поэт!» – деп үлкен баға берген.

Жұматай Жақыпбаевтың өмірбаяны мен шығармаларына қысқаша тоқталып, баяндама жасап, есімін беруге дауыс беруді қолдауды сұрады.

Комиссия төрағасы, №18 сайлау округінің депутаты С. М. Жансәңгіров: Өріпбай Алыбаев бойынша сөз Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесінің өкілі Айдарбек Әбілқасымұлы Жантайлақовқа берілді.

Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесінің өкілі Айдарбек Әбілқасымұлы Жантайлақов: Өріпбай Алыбаев (1926-2008) қоғам және мемлекет қайраткері. Алматы облысы (бұрынғы Талдықорған облысы) Кеген ауданының Меркі ауылында дүниеге келген. Еңбектері жоғары бағаланып, Ленин орденімен, Халықтар достығы орденімен, төрт мәрте Еңбек Қызыл Туы орденімен марапатталған. Ауыл шаруашылық ғылымдары академиясының академигі.

Өріпбай Алыбаевтың өмірбаянына тоқталып, баяндама жасап, есімін беруге дауыс беруді қолдауды сұрады.

Комиссия төрағасы, №18 сайлау округінің депутаты С. М. Жансәңгіров: Көктен Қоңырбайұлы бойынша келесі сөз, Арғынғазы Төлеуқасымұлы Сыздықовқа беріледі.

Арғынғазы Төлеуқасымұлы Сыздықов: Көктен Қоңырбайұлы (Би, қобызшы, ұста. (1709-1810). Жетісу өңіріне белгілі тұлға. Ел аузындағы өңгімелерде Абылай ханның үш әулиесінің бірі болған. Көктен Қоңырбайұлы көріпкелдік қасиетіне байланысты «Жалаңаш әулие» атанып, Абылай ханның өзіне қызмет еткен деген аңыз-өпсаналар жиі айтылады).

Көктен Қоңырбайұлы өмірбаянына тоқталып, баяндама жасап, есімін берудің маңыздылығын атап өтті.

Комиссия төрағасы, №18 сайлау округінің депутаты С. М. Жансәңгіров: Құрметті көпшілік тыңдауға қатысушылар. Осы көшелерге беріліп отырған тұлғалар, жер-су және дәстүрлі атаулар жайлы толық ақпарат берілді. Осымен сөз сөйлеуді тоқтатып, дауыс беруге көшейік.

Ол үшін осында қалалық мәслихат аппаратының бас маманы Келдібек Өлібек Батырбекұлы мен мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Рысбаева Сандұғаш Арнайқызы отыр. Осы азаматтар дауыс санауды жүзеге асырады.

Комиссия төрағасы, №18 сайлау округінің депутаты С. М. Жансәңгіров: Құрметті қатысушылар, қалай дауыс береміз: барлық көшелерді тізім бойынша бірден бе, әлде әр көшені жеке-жеке қараймыз ба?

Тұрғындар барлық көшелерге бірден тізіммен дауыс беруді ұсынды.

Комиссия төрағасы, №18 сайлау округінің депутаты С. М. Жансәңгіров: Жақсы, аталған 11 көшеге атау беруді кім қолдайды? Дауыс берулеріңізді сұраймын. Қарсы? Қалыс? Жоқ. Қабылданады.

Депутаттар мен тұрғындар бірауыздан бұл мәселені қолдап, дауыстарын берді.

Комиссия төрағасы, №18 сайлау округінің депутаты С. М. Жансәңгіров: – Бүгінгі қаралған мәселе бойынша хаттама бұқаралық ақпарат құралдарында 7 жұмыс күн ішінде жарияланып, қалалық мәслихат пен әкімдіктің бірлескен шешімімен облыстық ономастикалық комиссияға қарауға ұсынылады.

Тұрақты комиссия төрағасы айтылған ұсыныс әлі де жергілікті атқарушы органмен бірлесе қаралатынын айтып, отырысты жабық деп жариялады.

Комиссия төрағасы

С. Жансәңгіров

Комиссия хатшысы

Ө. Келдібек

## ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ШИКІЗАТТЫҚ ЕМЕС СЕКТОРДЫ ДАМУЫ, ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУ ЖӘНЕ БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫН КҮШЕЙТУ АРҚЫЛЫ ӨСУІ

Премьерminister.kz сайтының редакциясы еліміздің 2024 жылғы даму қорытындылары туралы жарияланым топтамасын жалғастыруға. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Үкімет мұндайған тыс секторды дамытуға бағытталған экономиканы құрылымдық өзгерту бойынша бірқатар шара қабылдады. Отандық өндірушілерді қолдау құралдарын күшейту арқылы еліміздің инвестициялық тартымдылығын арттыру және іскерлік белсенділікті күшейту үшін қолайлы жағдай жасау бойынша ауқымды жұмыс жүргізілді.

### НЕГІЗГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ӨСУ ҚАРҚЫНЫ

Алдын ала бағалау бойынша осы жылдың 11 айының қорытындысы бойынша ЖІӨ өсімі 4,4%-ды құрады, ол негізінен мұндайған тыс секторды дамытумен қамтамасыз етілген. Экономика өсімінің 70%-дан астамы өңдеу өнеркәсібі, сауда, ауыл шаруашылығы және құрылыс есебінен қалыптасты. Салалар бөлінісінде келесідей динамика байқалады: ауыл шаруашылығында жалпы өнім шығарудың 13,4%-ға өсуі байқалды, бұл 2011 жылдан бергі ең жоғары көрсеткіш саналады; құрылыста – 10,3%; саудада – 8,2%; көлік қызметтерінде – 8,1%; байланыста – 5,3%; өңдеу өнеркәсібінде – 5,3%. Жалпы, аталған кезеңде отандық тауарлар өндірісі 5%-ға, көрсетілген қызметтер 4,5%-ға өсті. Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 3,1%-ға артып, 15,8 трлн теңгеге жетті.

Сыртқы сауда айналымы биылғы 10 айда \$116,9 млрд-ты құрады.

Сонымен бірге есепті кезеңде импорт 3,3%-ға қысқарды. Импорттың төмендеуімен қатар жүретін экспорт көлемінің ұлғаюының нәтижесі экономиканың оң сауда балансының 33,4%-ға өсуі болды. Аталған көрсеткіш \$20,1 млрд деңгейінде қалыптасты.

### БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУДЫҢ ЖАҢА ҚҰРАЛДАРЫ АРҚЫЛЫ ЕЛІШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ ӨСУІ

Үкімет осы жылы кәсіпорындарды одан

әрі ірілендіруге және қосылған құны жоғары өнім шығаруға баса назар аударып отырып, отандық тауар өндірушілерді қолдау жөнінде бірқатар шаралар қабылдады. Биыл тізбе 3 еседен астамға – 4 536 атауға дейін кеңейтілді. Нәтижесінде, тек 2024 жылдың 9 айында мониторинг субъектілерінің тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу көлемі 21,2 трлн теңгені құрады, оның ішінде елішілік құндылығы 11 трлн теңгеге немесе 51,8%-ға жетті.

Биыл мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың жаңа қағидалары бекітілді. 2024 жылғы 1 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңға сәйкес, Қағидаларда жұмыс тәжірибесі мемлекеттік сатып алу аясында орындалған шарттар бойынша және мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтері бар басқа да шарттар бойынша есепке алынады. Тапсырысты орындаушы қосалқы мердігерлер атқаратын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер бойынша біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуы тиіс.

### ЭКОНОМИКАДАҒЫ ШОБ ҮЛЕСІН АРТТЫРУ

Отандық тауар өндірушілерді қолдаудың қабылданған шаралары экономикадағы шағын және орта бизнестің үлесін 1,8%-ға ұлғайтуға мүмкіндік берді және бүгінде ол 38,2%-ды құрайды. Осы жылдың 1 желтоқсанында жұмыс істеп тұрған ШОБ

қол қойылды. Халықаралық әріптестермен ынтымақтастық Қазақстанның экологиялық орнықты энергетика жолындағы ұстанымын нығайтты. 7 наурызда Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сауд Арабиясы Корольдігінің Үкіметі арасында 1 ГВт жел электр стансасының жобасын жүзеге асыру туралы келісімге қол қойылды. Бұл жоба Жетісу облысында іске асырылады, инвестор халықаралық компания – Acwa Power.

Сонымен қатар Қазақстан Катардың қатысуымен жобаларды белсенді дамытуда. 20 наурызда Қызылорда облысында қуаты 1,1 ГВт бу-газ қондырғысы мен Абай облысында қуаты шамамен 350 МВт су электр стансасының құрылысын қосқанда, бірлескен жобаларды іске асыру туралы Катар мемлекетімен үкіметаралық келісімге қол қойылды. 17 сәуірде Ресей Федерациясымен тағы бір Үкіметаралық келісімге қол қойылды, ол Көкшетау, Семей және Өскемен қалаларында жиынтық қуаты шамамен 1 ГВт болатын үш жылу электр орталығын салу жөніндегі жобаларды іске асыруды көздейді.

### КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ: МАҢЫЗДЫ НЫСАНДАРДЫ ДАМУ

2024 жылғы Қазақстанның көлік инфрақұрылымын жөндеу, реконструкциялау және салу жөніндегі ауқымды жобаларды іске асырудағы маңызды кезең болды. Мемлекеттік бағдарлама аясында биыл 12 мың шақырым автомобиль жолдарын жөндеу және салу жұмысы басталды, оның 7 мың шақырымы жыл соңына дейін аяқталады. Еліміздің негізгі өңірлері мен халықаралық көлік бағыттарын байланы-

### ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫН ӘРТАРАПТАНДЫРУ



ЖІӨ өсімінің 70%-дан астамы – экономиканың мұндайған тыс секторы:

субъектілерінің саны 1,5%-ға артып, 2 млн кәсіпорыннан асты. Осы секторда барлығы 4,2 млн-нан астам қазақстандық жұмыспен қамтылды. Бұл ретте шағын және орта бизнес субъектілерінің өнім шығару көлемі 2024 жылдың 2 тоқсанында 19,1%-ға ұлғайып, 34,2 трлн теңгені құрады.

Президент қол қойған Бизнесі жүргізу мәселелері жөніндегі заң аясында биыл тексеруден профилактикалық іс-шараларға көшу арқылы мемлекеттік бақылау және қадағалау жүйесі қайта қаралды. 66 саланың тәуекелдерді басқару жүйесін автоматтандыру жүргізілді. Бизнес-ахуалды жақсарту және өкімшілік кедергілерді азайту мақсатында «таза парақтан» реттеуді енгізу бойынша жұмыс жалғасуда.

Президенттің бастамасымен «Бизнесің жол картасы» және «Қарапайым заттар экономикасы» атты екі бағдарламаның құралдарын біріктірген Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту жөніндегі кешенді бағдарламаны қабылдау маңызды қадам болды. Мықты және бәсекеге қабілетті кәсіпорындар құру мақсатында тиімді жобаларға қолдау көрсету көзделген. Сонымен қатар жаңа жобаларды субсидиялау үшін бюджетті бөлу негізінен өңдеу өнеркәсібі саласындағы кәсіпорындар арасында жүзеге

асырылады (шамамен 50%).

ШОБ жобалары нарықтық жағдайларға кезең-кезеңімен көшумен субсидиялаудың сараланған әдісі көзделген.

### КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ ҮШІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ ЦИФРЛАНДЫРУ

Бизнесің мемлекетпен өзара іс-қимылы саласындағы негізгі бағыттардың бірі цифрландыру болып саналады. Үлгілі цифрлық экожүйені қалыптастыру мақсатында кәсіпкерлердің бір порталда мемлекеттік қызметтерді, қолдау шараларын және мемлекетпен өзге де өзара іс-қимылды алу үшін «Бизнесің цифрлық картасы» жобасы әзірленуде. Азаматтардың негізгі кабинеті секілді бизнестің жеке кабинеті енгізіледі, бұл өкімшілік рәсімдерді жеңілдетеді және процестердің ашықтығы мен тиімділігін арттырады.

### ЭКОНОМИКАҒА ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ДАМУҒА ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУ

Мемлекет басшысының экономикаға инвестиция көлемін арттыру жөніндегі алға қойған міндеттерін іске асыру шеңберінде халықаралық қаржы ұйымдарымен өзара іс-қимылды күшейтті. Бұл ретте, 2029 жылға дейінгі Ұлттық инфрақұрылымдық жоспардың жобаларына ерекше назар аударылууда.

Қазақстандағы ЕҚДБ портфелі жалпы сомасы \$2,95 млрд-ты құрайтын 125 белсенді жобаны қамтиды, олардың басым бөлігі орнықты инфрақұрылым секторына тиесілі. Жеке секторға салынған инвестиция 46%-ға жетті. 2024 жылдың қорытындысы бойынша ЕАДБ инвестицияларының күтілетін көлемі кемінде \$1 млрд-ты құрайды. Келесі негізгі жобалар: республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын реконструкциялау; Алматы 3-ЖЭО-ны реконструкциялау; Қарағанды облысында ЖЭС салу; «Астрахан-Маңғышлақ» магистралды су құбырын кеңейту және басқа да нысандар бойынша келісімдерге қол қойылды. Әлеуметтік, энергетикалық және көлік салаларында, автожолдарды жаңғырту бойынша \$2,5 млрд сомасына жобалар қаралауда.

Бұдан басқа, биыл Қазақстанда \$7 млрд-тан астам сомаға инфрақұрылымдық 30 жобаны қаржыландыру туралы негізгі Ислам даму банкімен және Араб үйлестіру тобымен ынтымақтастық жанданды.

## КҮРЕ ЖОЛДАН БАСТАП ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІМЕН ЖАБДЫҚТАУҒА ДЕЙІН – ҚАЗАҚСТАН ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ ҚАЛАЙ ЖАҚСАРУДА

Премьерminister.kz редакциясы 2024 жыл қорытындысын жариялауды жалғастырады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев белгілеген инфрақұрылымды жаңғыртудың кешенді тәсілі – маңызды бағыттардың бірі.

### ӘР МІНДЕТКЕ БАСЫМДЫҚ БЕРУ

2024 жылғы ақпанда Үкіметтің кеңейтілген отырысында Қазақстан Президенті инфрақұрылымды дамыту мемлекеттік саясаттың аса маңызды басымдықтарының бірі екенін атап өтті. Ол көлік, энергетика және әлеуметтік инфрақұрылымды жаңғырту қаржының жеделдету, сондай-ақ мемлекеттік және жеке инвестицияларды тиімді пайдалану қажеттігін баса айтты.

Негізгі міндеттер қатарында логистика мен көлік коммуникацияларын жақсарту, жанарлы энергия көздерін дамыту, шалғай және ауылдық елді мекендердегі азаматтардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау мәселесі айқындалды. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев инфрақұрылымдық жобалардың сапасын арттыруға, оларды жүзеге асыру мерзімдерін сақтауға және қаражаттың жұмсалуды мұқият бақылауға баса назар аударды.


Осыған байланысты Үкімет 2029 жылға дейінгі Ұлттық инфрақұрылым жоспарын әзірлеп, бекітті. Құжаттың стратегиялық міндеті – басым жобаларды айқындау, нысаналы көрсеткіштер мен инфрақұрылымның негізгі бағыттарын белгілеу.

Қазақстанның инфрақұрылымдық даму жоспары төрт негізгі бағытқа бөлінген 204 жобаны қамтиды.

### ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ: ТҰРАҚТЫЛЫҚ ЖӘНЕ «ЖАСЫЛ» ТЕХНОЛОГИЯЛАРҒА КӨШУ

2024 жыл Қазақстанның энергетика саласын дамытудағы маңызды кезеңі болды. Биыл еліміздің жылу энергетикасына, жанарлы энергия көздеріне (ЖЭК) және электр энергетикасына айтарлықтай әсер еткен бірнеше маңызды келісім мен заңдарға

### КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ: ЖОЛ ЖӘНЕ ТЕМІРЖОЛ ЖОБАЛАРЫ



### ТЕҢІЗ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ:

Құрық портында астық терминалын салу

Ақтау портындағы контейнерлік хаб

айтарлықтай жақсартты.

Бұқтырма су қоймасы арқылы өтетін көпір Шығыс Қазақстан үшін стратегиялық маңызды нысанға айналып, өңірдегі елді мекендер арасындағы сенімді қатынасты қамтамасыз етті.

Шамалған стансасындағы жолайрығы теміржол мен автомобиль көлігінің қиылысын алып тастауға мүмкіндік беріп, қозғалыс қауіпсіздігін арттырды.

### ТХКБ ӨСУІ ЖӘНЕ ДАМУЫ

Транскаспий халықаралық көлік бағыты (ТХКБ) тұрақты өсуді жалғастырып келеді. Өткізу қабілеті жылына 6 млн тоннаға, оның ішінде 100 мың ЖФБ контейнерлік тасымалдарға дейін ұлғаюда. 2024 жылдың 11 айында жүк тасымалының көлемі 63%-ға өсіп, 4,1 млн тоннаға жетті, ал контейнерлік тасымалдар 2,6 есеге артып, 50,5 мың ЖФБ құрады. Бұл көрсеткіштер бағыттың айтарлықтай өскенін дәлелдейді.

2024 жылы Транскаспий көлік дәлізінің үйлестіру орталығы іске қосылды. Ол инфрақұрылымды дамытуға және бағыттың функционалын кеңейтуге бағытталған.

### ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ КӨЛІК ЖҮЙЕЛЕРІ

Бүгінгі күні Қазақстанда 450 мыңнан астам жүк автокөлігі тіркелген, олар күнелікті ел аумағы бойынша жүк тасымалдайды. Бұл көлік құралдары, әсіресе олардың салмақтық және көлемдік спатталмаларын ескере отырып, жол жамылғысының жағдайына айтарлықтай әсер етеді.

Аталған мәселелерді шешу мақсатында 2025 жылға дейін 220 автоматтандырылған өлшеу стансасын (АӨС) орнату жоспарлануда. Стансалар тәулігі бойы жұмыс істейді және автокөлік құралдарының салмағы мен өлшемдерін үздіксіз бақылауды қамтамасыз етеді.

Қазақстанда бақылау жүйесін одан әрі жетілдіру үшін қозғалыс барысында автокөлік құралдарын автоматты түрде өлшеуге арналған «Сергек» қағидатын енгізу жоспарланатын отыр.

Өкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекске өзгерістер енгізілді. Өкімшілік іс жүргізудің бірыңғай тізілімі процессін орталығымен интеграциялау жұмыстары жүргізілуде. Бұл өкімшілік процестерді толық автоматтандыруға, оларды барынша ашық әрі жылдам жүргізуге мүмкіндік береді.

## ҚҰРМЕТ МЕМЛЕКЕТТІК МАРАПАТТАР ТАБЫСТАЛДЫ

Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев желтоқсанның үшінші жексенбісінде атылып өтетін энергетика саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай сала мамандарына және Тәуелсіздік күніне байланысты бірқатар ұстаздарға мемлекеттік марапаттар тапсырды.

Атап айтқанда, еліміздің энергетика саласын дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін «Темірбетон» ЖШС технологиялық жабдықтардың слесарь-жөндеушісі Манарбек

Мұртазин III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденін иеленсе, «ТАТЭК» АҚ техникалық директоры Дәулет Илипбаевқа, «Талдықорғанжылусервис» КМК бас инженері Ақылбай Тәжиевке, «Текелі энергетикесі» ЖШС қазандық турбиналық цехының бастығы Владимир Коржға «Ерен еңбегі үшін» медалі берілді.

Осы күні Бейбіт Исабаев облыста балаларға сапалы білім беру жолында жемісті еңбек етіп жүрген бірқатар ұстаздармен кездесіп, олардың ұрпақ тәрбиесіндегі қызметіне ризашылығын білдіріп, марапаттау рәсімін атқарды.



Бұл ретте елдің әлеуметтік-мәдени және қоғамдық дамуына қосқан үлесі үшін Талдықорған қаласы Ынтымақ ауылындағы №30 орта мектептің директоры Сәуле Усеноваға «Құрмет» ордені, Қаратал ауданындағы орта мектептің мұғалімдері Светлана Гончарова мен Нұрзия Рахметоваға «Шапағат» медалі, сол сияқты олардың әріптестері Бәтін Даниярова мен Алмагүл Малдыбековаға және Кемел Тоқаев атындағы қайырымдылық қорының өкілі Валентина Спиридоноваға Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хаты табысталды.

## 76 ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Жетісу облысында Тәуелсіздік күніне орай халықтың әлеуметтік осал топтары санатындағы 76 отбасы жаңа баспаналарының кілтін ие болды. Сол сияқты медициналық және ветеринариялық пункттер, дәрігерлік амбулаториялар, мәдениет үйі, ауылдық клуб және спорт кешені, жалпы алғанда 10 жаңа әлеуметтік нысан іске қосылды.

Атап айтқанда, Көксу, Ескелді, Панфилов аудандарында кезекте тұрған азаматтарға үй беріліп, өңірдегі 76 отбасы жаңа қоныс қуанышына кенелді. Оның 50-і Панфилов қаласының Жаркент қаласында, 16-сы Көксу ауылының Бозтоған және Мұқыры ауылдарында, 10-ы Ескелді ауданының Бақтыбай ауылында тұрғын үйге қол жеткізді.

Сонымен қатар, мереке қарсаңында Ескелді ауданында бірден 3 жаңа нысан іске қосылды. Аудан орталығы Қарабұлақ ауылында мәдениет үйі, Ақын Сара ауылында 120 орынды жаңа блокты-модульді ауылдық клуб пен әкімдік ғимараты пайдалануға берілді. Осы күні облыстың бірқатар ауылдарында жаңа медициналық мекемелер есігін ашты. Мәселен, Көксу ауданының 140 тұрғыны бар ПЧ-45 станциясында жаңа блок-модульдік медициналық пункт қолданысқа енгізілді.

Сондай-ақ, Панфилов ауданының Шешін, Керімағаш және Қызылжиде ауылдарында фельдшерлік-акушер-



лік пункт пен екі медпункт салынды. Оған қоса, Үшарал ауылында 50 орындық спорт кешені пайдалануға берілді. Онда күрес, бокс, бұқаралық спорт түрлері бойынша секциялар ашылды. Сонымен қатар ауданда алғаш рет инвестор есебінен салынған «Орбұлақ» халықаралық автовокзалы жұмысын бастады. Вокзал автопаркінде 31 автобус бар, 67 адам жұмыспен қамтылды.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

## ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Ағымдағы жылы энергетикалық инфрақұрылымды жаңғыртуға және жаңартылатын энергия көздерін дамытуға бағытталған бірқатар маңызды қадамдар жасалды. «Жылу-электр энергетикасын дамыту» бағдарламасы шеңберінде 14 жобаны іске асыруға республикалық бюджеттен 52,7 млрд теңге бөлінді. Сонымен қатар, қайтарымды инвестициялардың жылдық лимиті ұлғайтылды. Бұл жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдар үшін негізгі жабдықты жаңғырту, кеңейту және реконструкциялау жөніндегі жобалар пулын кеңейтуге мүмкіндік берді. Еліміздің

бүкіл Біртұтас электр энергетикалық жүйесін айналып өтуге мүмкіндік беретін батыс және оңтүстік аймағын жалғайтын тұрақты ток желісін салудың орындылығын зерделеу жүргізілуде. Мамандардың мәлімдеуінше, бұл жобаларды іске асыру тұрақты әрі сенімді электрмен жабдықтауға мүмкіндік береді, сондай-ақ, ұзақ мерзімді энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ете отырып, Қазақстанның энергетикалық инфрақұрылымын дамытуға ықпал етеді.

Анель КАПЕКОВА,  
«Жетісу облысы бойынша Іскер әйелдер қауымдастығы» ҚБ

## ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТА КӨПШІЛІК ТЫҢДАУ ОТЫРЫСЫ

Қалалық мәслихаттың «Заңдылықты сақтау, қала құрылысы, тұрғын үй шаруашылығы және жол-көлік инфрақұрылымы мәселелері жөніндегі» тұрақты комиссиясының көпшілік тыңдау отырысы өтті. Жылына Талдықорған қалалық мәслихатының депутаттары, қалалық әкімшілік өкілдері, қалалық ардагерлер кеңесінің мүшелері, қоғамдық ұйымдар өкілдері және 3-бөлімше мен «Береке» комтөзгісі қалашығының тұрғындары қатысты.

Күн тәртібінде Талдықорған қаласының құрамдас бөліктеріне атау беру туралы мәселе қаралды. Сәйкесінше аталмыш көшелерге есімі беріліп отырған тұлғалар, жер-су және дәстүрлі атаулар жайлы толық ақпарат берілді. Тұрақты комиссия төрағасы қаралған мәселе бойынша хаттама қалалық мәслихат



пен әкімдіктің бірлескен шешімімен облыстық ономастикалық комиссияға қарауға ұсынылатынын, сондай-ақ, ұсыныстар әлі де жергілікті атқарушы органмен бірлесіп қаралатынын атап өтті.

Назерке ӘБІЛҒАЛИҚЫЗЫ

## ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ АЯСЫНДА ТАРИХТА ІЗ ҚАЛДЫРҒАН ЖЕЛТОҚСАН ЖАҒҒЫРЫҒЫ

Тәуелсіздік күніне орай Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл Желтоқсан оқиғасының куәгерлерін қабылдады. Осындай азаматтар саны қаламызда 40-қа жуықтайды. Қала басшысы тәуелсіз қазақ елінің бағындырған биік белестері мен қазақ жастарының толқуына қатысқан жандардың ерлігі бүгінгі ұрпаққа үлгі екенін айтып өтті. Айтар болсақ, батыр бабаларымыздың ұланғайыр жер мен елді ғұшпан аяғына таптампап, қасық қаны қалғанша қорғағаны ер халқымыздың болашақ жолында жасаған ұлы ерлігі. Ал 1986 жылғы желтоқсанның ызғары, қазақ жастарының намысы, адам құқығы, сөз бостандығын аяқасты емпеудің қамын жасаған, ел тәуелсіздігіне жол салған бастау болды. Азамттық пен егемендік ғасырлар бойғы халқымыздың арманымен қастерлі күн.



Келелі жиында қала әкімі барша жиналғандарға шынайы алғысын білдіріп, Алғыс хат табыс етті.

«Тәуелсіздік – бәрінен қымбат ең қастерлі ұғым, қоғамдағы басты құндылық! Себебі, егемен ел болмай жарқын өмір сүру, берекелі қоғам орнату мүмкін де емес. Сондықтан, елдің тыныштығы, халықтың ауызбірлігі бәрінен қымбат. Ал Желтоқсан көтерілісінде бастарын бәйгеге тіккен батырларымыз бүгінде арамдыда. Ерлігімен ел аузында қалған жандардың арасында талдықорғандық жерлестеріміз де тәуелсіздік таңын бір табан жақындатуға өзіндік үлес қоса білді. Сіздердің келешек ел ертеңі – жастарымызды патриоттық рухта тәрбиелеуде қосар үлестеріңіз орасан зор деп санаймын», - деді қала әкімі.

Сондай-ақ, осы жиында «Жетісулық желтоқсандықтар» қоғамдық ұйымының төрағасы Ермұхан Жүнісханұлы Желтоқсан оқиғасына қатысқан барша азаматтар жайында сөз қозғап, кешегі желтоқсаншылар ерлігі болашақ ұрпаққа аманат болып қалу керектігін жеткізді. Сөз алғандар қатарындағы Т.Мұсаханқызы да жасалып жатқан әлеуметтік көмектерге тоқталып, облыс және қала әкіміне өз ризашылығын білдірді. Туымыз тұғырлы, еліміз еңселі болсын – деп тілек айтты. Облыс өнерпаздары ән шашу арнады.

Данагүл МӘКЕН

## ЖЕЛТОҚСАН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ

Талдықорғандықтар 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің құрбандарын еске алды. «Желтоқсан желі ызғарлы» монументіне гүл шоқтарын қойып, аталмыш оқиғаның құрбандарына тағзым ету рәсімі жасалды.



Жиынға қатысқан Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл «Тәуелсіздік – қазақ халқының ғасырлар бойы арман еткен мақсаты, ел еркіндігі мен болашағына жол ашқан ұлы күн, еліміздің ең құнды байлығы. Оны қорғау, болашағын баянды ету - сіз бен біздің міндетіміз. Желтоқсан көтерілісінде ұлт болашағы үшін бастарын бәйгеге тіккен батырларымыз бүгінгі міне, арамдыда. Желтоқсаншыларға әрдайым құрмет көрсетілуі тиіс. Бостандық пен еркіндіктің бастауы болып табылатын осы салтанатты күнде сіздерге игілік пен бақыт, амандық, дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге табыс тілеймін» - деп батыр бабалардың ұлы ерлігі әрдайым ел есінде сақталуы қажеттігін атап өтті.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

## ТАҒЫМ

# БАТЫР ҚЫЗ, БАТЫР АНА – НҰРҒАЙША АПА

Қазақстандықтар был Тәуелсіздіктің 33 жылдығын атап өтугеміз. Бейбіт заманда өмір сүріп, дамыған мемлекетте тұрып жатқан біз – бақытты ұрпақпыз. Себебі, осы ақ таңымыздың аралап атуы жолында кешегі желтоқсандық ұл-қыздарды айтпағанда, ата-бабаларымыздың маңдай тері мен қасықтай қаны төгілген қаншама оқиғалар тарих қойнауында қалды. Өткенге салауат айтып, бүгінгімізге тәубе дей отырып, ара-тұра осы күнімізге жеткізген бабалар рухына бас иеніміз абзал. Мақаламызда дүниені дүр сілкіндіріп, сан миллиондаған адамның өмірін қыршынынан қиған екінші дүниежүзілік соғысты көзімен көрген Нұрғайша Досбекенова туралы жазбақпыз. Апамыз, Сталинградты қайта қалпына келтіру үшін бір эшалонда аттанған 88 қыздың бірі еді.

орналасқан. Жау бір аттаса қол созым жерде тұрған елімізге де қауіп төнетіндей еді. Белгілі журналист, зерттеуші Қаналия Бекетаев «Сталинградқа барған сексен сегіз қыз» мақаласында жасы 15 пен 17 жас аралығындағы қыздардың басынан кешкен қиындықтары туралы кейіпкерлерін сөйлете отырып жазған деректерінде Нұрғайша ападан да сұқбат алады. «Мен, Сталинградқа Шелек ауданындағы Қорам мектеп-интернатында оқып жүрген жерімнен аттандым. Кіп-кішкентай қыз едік, соғыс салған ойранға барып, көрмегеніміз жоқ. Күн суық, киім жетіспейді. Аяғымызда табаны ағаштан жасалған, етікке ұқсайтын бірдеңе. Жер-дүниенің бәрі темір-терсек, ұшақтардың, танкілердің, түрлі қару-жарақтардың сынығынан көрінбей қалған. Бірінші рет өлген адамды көргенде үрейіміз ұшып кетті, терең окопта отырған күйі қатып қалыпты. Бір күні қолға түскен неміс-фашисті әкеліп жұмысқа салды. Өлгі байғұстан бәріміз өш алғымыз келіп, ыза-кекпен қараймыз. Өзі қызық қой, оның үстіне, әлгінің жейтін наны да біздікінен көп болатын», - дейді. Ол кездегі ортақ Отанды қорғау үшін қазақстандық қыз-жігіттер жан беріп, жан алысты. Бір эшалонмен майдан шебіне аттанған 88 қыз 1942 жылдың

31-ші желтоқсан күні Сталинградқа тоғыз шақырым жерде орналасқан әскери зауытқа келеді. Тарихты зерттеп, том-том кітаптар шығарып, ұрпаққа үлгі-өнеге боларлық оқиғаларды оқирманына жеткізуде аянбай тер төгіп жүрген жерлесіміз, тарихшы-өлкетанушы, зерттеуші ағамыз Құлтай Нұрқалбайұлының, «Қазақстанның құрметті журналисті», Қаратал аудандық газетін басқарған қаламгер, ақын апамыз Мәкен Әсербаеваның, «Қазақстан әйелдері» журналы, Қазақ телевидениесінің араласуымен Сталинградқа барған 88 қыздың өмірдері туралы бірқатар мақалалар шығып, деректі фильмдер түсірілген. Құлтай Нұрқалбайұлының 2019 жылы республикалық «Алатау» газетінің №17 санында жариялаған «Батыр ана Нұрғайша Досбекенова» деп аталатын мақаласында жетісулық батыр қыздардың тағдырлары, естеліктері жарияланған. Мақаладағы 88 қызды басқарып барған Жамбыл ауданы, Майбұлақ ауылының тумасы Алматы облыстық комсомол комитетінің жауапты қызметкері 17 жастағы Жұмақыз Кемербаеваның естелігінде. «...Әуелгі жұмысты қираған жердегі жарылғыш заттар мен кеміліп қалған қару-жарақтарды жинаудан бастады. Күн суық, жатын орын

жоқ. Біздің қыздар небәрі бес-ақ вагонға бөлініп орналасқан. Ішімізде қырғыз, дүнген, тәжік пен өзбек қыздары да бар. Сол жерден тағы да он шақты орыс қызы мен басқа республикалардан келген көптеген адамдар қосылған. Үш мыңнан астам құрылысшының тамақтанатын орыны біреу-ақ болатын. Салыстырмалы түрде қарағанда, Қазақстанның Алматы облысынан барған сексен сегіз қыз жас жағынан қарағанда басқаларынан әлдеқайда кіші болып шықты. Ең алды 17 (ол – жалғыз мен едім), арты 15-те ғана дейді. Жас, қайсар, айтқанынан қайтпайтын Нұрғайша қыздың асханадағы бір «өнерін» былай деп еске алады, жетекшісі Жұмағыз: «...Өзімізге тиесілі екі тілім қара нанымызды алып, бір-бір шөміш ботқаның кезегіне тұрғанымыз сол еді, аяғын сылти басып, артымыздан келген шомбал сары Соның қолындағы нанды жұлып алды. Қайтарып өтініп едім: «Тамақ асырап Сталинградқа келгенше, ауылында тезек термейсің бе! Мә, саған нан», - деп шоқпардай жұдырығын көрсетті. Ашуымың келгені соншалық, сол сәтте аспазшы темір табағыма құя берген ыстық ботқаны бетіне шашып кеп жібердім. Екі көзі шатынап, терісіне сыймай тұрған Нұрғайша Досбекенова қолындағы асын жұлып алып, қақ бастан тартып-тартып жіберді. Ыстық ботқа бетін күйдіріп, екі көзін тырмалай берген әлгі дәудің құлын дауысы шықты. Нұрғайша жастығына қарамай, жұмысты да жақсы істейтін. Жасаған қателігін де тез мойындап, басқалардың ондай болмауына көмектесті», - деп пікірін білдірті.

Соғыстан кейін аман-сау елге оралған қыздар бейбіт өмірдің құрылысына құлшына араласып кетеді. Ел қатарлы еңбек етіп, отбасын құрып, өнегелі ұрпақ тәрбиеледі. 11 құрсақ көтеріп, «Батыр Ана» атанған Нұрғайша апамыздың тағалымды ғұмыры жастарға үлгі бола бермек. Бүгінде Тасболат атамыз бен Нұрғайша апамыздың балалары, немерелері тәуелсіз еліміздің әр өңірінде қызмет атқарып, түрлі саланың дамуына атсалысып келеді. Тәуелсіз Қазақстанның тұғыры мықты, мәртебесі биік, аспаны ашық болғай!

Гүлжанат МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ



Балалық шағым Қаратал ауданының «Дөңши» ауылында тұратын Тұмарбай атам мен Багила апамның үйінде өткеннен соң, ол жердің тұрғындарын жақсы танытын едім. Нұрғайша тәтеміз бен Тасболат Алдекенов ағамыз 11 бала тәрбиелеп өсірген өнегелі шаңырақ иелері. Ол кісілердің бесінші перзенті – Алмагүлмен сыныптас болдым. Ауылдастары батыр қыз, батыр тәте, батыр апа деп, жас шамаларына қарай атай беретін тау тұлғалы Нұрғайша тәтеміз есігін ашып кірген жанның бәрін құшақ жая қарсы алып, дастарқанынан ауыз тигізбей жібермейтін, көпшіл адам еді. Ақылын тыңдап, дәмін татып өстік. Тау алыстаған сайын биіктей түседі, - демекші, тұла бойынан мейірім мен қайсарлық, адалдық мінезі танылып тұратын Нұрғайша апамыздың жарқын бейнесі уақыт көші жылжыған сайын даралана беретіндей. «Бір ердің ерлігі жүз жауынгерге үлгі, мыңға өнеге болады», - деп қазақтың батыр ері Бауыржан Момышұлы айтқандай, қан майданда Сталинград қаласын жаудан азат етумен қатар оны қайта қалпына келтіруге үлес қосқан қазақстандықтардың ерекше еңбекқорлығы мен қайсарлықтары ұрпаққа үлгі. Бұл қала еліміздің батыс өңіріне өте жақын

## АРДАГЕРЛЕРДІ АРДАҚТАЙЫҚ!

### БІЛІКТІ ДӘРІГЕР, БЕДЕЛДІ ӘКЕ

Мемлекетіміз заман талабына сай үрдісте дамып келеді. Оның бүгінгі мен болашағына еңбек етіп жатқан әр қазақстандықтың үлесі – орасан.

Жерлесіміз, алтын қолды дәрігер, ел алғысы арқалап жүрген азамат – Хасенов Үміт Нұғыманұлы денсаулық күзетіндегі еңбегін сонау 1987 жылы Талдықорған қаласынан бастаған еді. Өмір жолына үңілсек, нәресте Үміт Қытай Халық Республикасының Құлжа қаласында 1958 жылдың 3 қарашасында дүниеге келген екен. Шанырақ иесі болар баласының болашағына үміт күтіп, атын да солай қойған ата-анасы елге көшуді ұйғарып, Семей облысының Көкпекті ауылына қоныс аударады. 1975 жылы ауыл мектебін тәмамдаған балаң жігіт бірден еңбекке араласып, бір жылдан соң әскер қатарына шақырылады. Екі жылын Отан алдындағы азаматтық борышын өтеуге арнап, 1980 жылы бала кезгі арманы орындалып,

сырын әбден меңгерген дәрігердің еңбегі еш кеткен жоқ. Облыстағы әріптестері 1994 жылы Еркін ауылының бас дәрігері лауазымына ұсынады. Араға жыл салып, Талдықорған қаласындағы тері аурулары диспансерінің дәрігері болып тағайындалады. Осы мекемеде зейнеткерлікке шыққанға дейін еңбек етіп, халық алғысына бөленген жаннның жары - Забира да дәрігер. Үміт Нұғыманұлы басындағы бағын аялай білетін, болмысы даналыққа толы парасатты жан. 4 баланың ата-анасы атанған отбасы иелері ұрпақтарының үлгілі, тәрбиелі болып өсуіне баса мән берді. Бүгінде ұлын-ұяға, қызын-қияға қондырып, немерелерінің қызығын қызықтап отыр. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» демекші, адам жанының арасасы болып жүрген еке-шешенің тағалымды өмірін бойтұмар етіп алған балалары да дәрігерлік мамандықты таңдап, денсаулық күзетінде табысты еңбектерін жалғастыруда.

#### Үміт ХАСЕНОВ, ардагер дәрігер:

– Соңғы кездері денсаулығым сыр беріп, Астанадан ем қабылдап қайттым. Дәрігерлер күніне екі сағат спортпен айналысып, кітап оқып, мүмкіндік болып жатса, қайта еңбекке араласуыма кеңес берді. Жоғары санатты дәрігер болғандықтан, лауазымыма сай болу үшін қайта емтихан тапсырып, оны дәлелдеуім керек. Сондықтан, күні-түні дайындалып, білімімді қайта шыңдап жатырмын. Ең бастысы, денсаулығым қазір өте тамаша, қалыпты жағдайда. Күшім тасып, жастық шағым қайта оралғандай әсерде жүрмін.



Семей қаласындағы медицина институтының студенті атанады. Адамның өмірін сақтау жолында ажалмен алысу қай дәрігерге болмасын оңай емес. Ол үшін білімінді шыңдап, мамандығын жан-тәніңмен сүйің қажет. Үміт Нұғыманұлы да алты жыл алған білімін әскери салада еңбекпен ұштастырып, офицер шенінде жалғастырады. 1987 жылы жаңа жағдайымен Талдықорғанға қоныс аударып, бір жылдан соң Лепсі кентіне дәрігер болып орналасты. Қабылдауына келген науқастың ауруын деп тауып, сапалы ем жасаудың қыр-

Іскер азаматтың халқына бергенін берері көп. Алдына қойған арман-мақсаттарына жету жолында тер төгіп, еңбек етіп жатқан Үміт Нұғыманұлына жерлестері атынан мықты денсаулық, қажымас қайрат, мол табыс тілейміз.

Гүлжанат НҰРШАНОВА

## ЖАСТАР САЯСАТЫ



### РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПІКІРСАЙЫС

Халықаралық жастар күні қарсаңында «Жетісу облысының қоғамдық даму басқармасы», «Jetisy jastary» КММ-нің ұйымдастыруымен жастар арасында пікір сайыс қозғалысын дамыту мақсатында «Тәуелсіз жастар алаңы» атты республикалық пікір сайыс турнирі өткізілді.

Турнирге республика бойынша 20 команда қатысты (әр командада кемінде 2 қатысушыдан). Командалар әр облыстан және республикалық маңызы бар қалалардан келді. Турнирді өткізу форматы – АПФ, жұмыс тілі – қазақ тілі. Жалпы 50 адамның қатысуымен өткізілді. Турнир 3 іріктеу кезеңдерінен ұйымдастырылды. Пікір сайысшылар қазіргі таңда жастар арасындағы өзекті болып табылатын 8 түрлі тақырыпта ойнады.

Пікір сайыс турнирінің қорытындысы бойынша жеңімпаздар анықталып, 1

орынға – 500 мың теңге, 2 орынға – 300 мың теңге, 3 орынға – 150 мың теңге, «Үздік спикер», «Үздік төреші» номинацияларына – 100 мың теңгеден ақшалай сыйақы табысталды. 1 орынды Алматы облысының «Ескелді би» командасы, 2 орынды Астана қаласының «Адамгершілік» командасы, 3 орынды Алматы қаласының «Мастер класс» командасы алды. Сонымен қатар, «Үздік спикер» және «Үздік төреші» номинациялары бойынша Қызырхан Шыңғыс пен Ардашқызы Еркежан марапатталды.

Іс-шараның негізгі мақсаты: сыни ойлауды дамытуға, мәдениетті қалыптастыруға, тәзімділікке, мәселені шешуге көптеген көзқарастарды тануға, белсенді азаматтық ұстанымға ықпал ететін зияткерлік бос уақыттың нысаны ретінде пікірталастарды насихаттау.

Пікір сайыс турниріне тәжірибесі бар, білікті мамандар төрелік етті.

«Jetisy jastary» баспасөз қызметі

## Талдықорған қаласы бойынша 2025-2029 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 15-бабы 1-тармағының 2-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының «Жайылымдар туралы» Заңының 8-бабы 1) тармақшасына сәйкес, Талдықорған қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Талдықорған қаласы бойынша 2025-2029 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Талдықорған қалалық мәслихат төрағасы

Т.Ахажан

Талдықорған қалалық мәслихатының 2024 жылғы «Талдықорған қаласы бойынша 2025-2029 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды бекіту туралы» № \_\_\_\_\_ шешіміне қосымша

## Талдықорған қаласы бойынша 2025-2029 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар

Осы Талдықорған қаласы бойынша 2025-2029 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар (бұдан әрі - Жоспар) «Жайылымдар туралы» 2017 жылғы 20 ақпандағы, Қазақстан Республикасының Заңына, «Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі үлгілік жоспарды бекіту туралы» (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 29 шілдеде №34831 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2024 жылғы 29 шілдедегі №263 бұйрығына сәйкес әзірленді. Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, жем-шөпке қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозу процестерін болдырмау мақсатында қабылданды.

Жоспар жерлердің болуы, олардың санаттар, жер учаскелерінің меншік иелері, жер пайдаланушылар мен алқаптар бойынша бөлінуі туралы ресми статистикалық ақпарат және мемлекеттік жер кадастры ақпараттық жүйесінен алынған мәліметтерді қамтитын №1, №2, №3, №4, №5 қосымшалардан тұрады.

Жоспар жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қараудың жай-күйі туралы мәліметтер, ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәліметтер, иелерін – жайылым пайдаланушыларды, жеке және (немесе) заңды тұлғаларды көрсете отырып, ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректер, ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық жас топтары бойынша қалыптастырылған үйірлердің, отарлардың, табындардың саны туралы деректер, екпе және аридтік жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ерекшеліктерін ескере отырып қабылданды.

Әкімшілік-аумақтық бөлініске сәйкес Талдықорған қаласында 2 ауылдық округ бар. Ауылдық округтерде 2 мал қорымы жұмыс істейді.

Талдықорған қаласының жалпы көлемі – 38311 гектар. Санаттар бойынша жерлер бөлінісі:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер – 22586 гектар;

елді мекен жерлері – 10398 гектар;  
өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жерлер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер – 1227 гектар;  
ерекше қорғалатын табиғи аумақтар – 28 гектар;  
орман қорының жерлері – 106 гектар;  
су қорының жерлері – 266 гектар;  
босалқы жерлер – 3700 гектар.

Қаланың климаты континенттік. Қаңтар айының орташа температурасы –11-13°С, шілдеде 22-24°С. Жауын – шашынның жылдық орташа мөлшері 350-400 мм. Оның басым бөлігі наурыз – мамыр және қараша – желтоқсанда түседі. Жел негізінен солтүстік – шығыс (34%), солтүстік (16%) бағытта басым.

Талдықорған қаласы табиғи жағдайлары бойынша тау етегі-шөлді-далалық зонаға жатады. Өсімдіктер негізінен жусан-бетегелі-шалғынды.

Осы жоспар келесі схемалардан тұрады:

1) әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында жайылымдардың жер санаттары бөлінісінде орналасу схемасы (картасы);

2) жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаю бойынша халықтың мұқтажына арналған жайылымдар, оның ішінде қоғамдық жайылымдар белгіленген схема (карта);

3) ұсынылатын жайылым айналымдарының схемалары көрсетілген схема (карта), онда жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қарау негізінде ұсынылатын жайылым айналымдарының схемасы;

4) ауыл шаруашылығы жануарларын айдауға арналған сервитуттар, мал айдайтын трассалар және жайылымдық инфрақұрылымның өзге де объектілері, сондай-ақ мал қорымдары (биометриялық шұңқырлар) белгіленетін схема (карта);


5) жайылымды пайдаланушыларға жер пайдалануға берілуі мүмкін жайылымдар белгіленген схема (карта);

6) халықтың жеке ауласындағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаю жөніндегі мұқтажықтарын қанағаттандыру мақсатында резервке алынған жататын жайылымдарды белгілейтін схема (карта);

7) суды тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, қазандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахта құдықтарына) қол жеткізу схемасы.


Талдықорған қаласы бойынша 2025-2029 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарына 1-схема

## Әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында жайылымдардың жер санаттары бөлінісінде орналасу схемасы (картасы)




Талдықорған қаласы бойынша 2025-2029 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарына 2-схема

## Жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаю бойынша халықтың мұқтажына арналған жайылымдар, оның ішінде қоғамдық жайылымдар белгіленген схема (карта)



Талдықорған қаласы бойынша 2025-2029 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарына 3-схема


## Ұсынылатын жайылым айналымдарының схемалары көрсетілген схема (карта), онда жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қарау негізінде ұсынылатын жайылым айналымдарының схемасы



Жылдар	1 қаша	2 қаша	3 қаша	4 қаша
2025	көктемгі-жазғы	жазғы	күзгі	демалатын қаша
2026	демалатын қаша	көктемгі-жазғы	жазғы	күзгі
2027	көктемгі-жазғы	жазғы	күзгі	демалатын қаша
2028	демалатын қаша	көктемгі-жазғы	жазғы	күзгі
2029	көктемгі-жазғы	жазғы	күзгі	демалатын қаша

Талдықорған қаласы бойынша 2025-2029 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарына 4-схема

Ауыл шаруашылығы жануарларын айдауға арналған сервитуттар, мал айдайтын трассалар және жайылымдық инфрақұрылымның өзге де объектілері, сондай-ақ мал қорымдары (биометриялық шұңқырлар) белгіленетін схема (карта)




Талдықорған қаласы бойынша 2025-2029 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарына 7-схема

## Суды тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, қазандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахта құдықтарына) қол жеткізу схемасы




Талдықорған қаласы бойынша 2025-2029 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарына 5-схема

## Жайылымды пайдаланушыларға жер пайдалануға берілуі мүмкін жайылымдар белгіленген схемасы (картасы)



Талдықорған қаласы бойынша 2025-2029 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарына 6-схема

## Халықтың жеке ауласындағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаю жөніндегі мұқтажықтарын қанағаттандыру мақсатында резервке алынған жататын жайылымдарды белгілейтін схема (карта)



## Об утверждении Плана по управлению пастбищами города Талдыкорган и их использованию на 2025-2029 годы

В соответствии с подпунктом 2-1) пункта 1 статьи 15 Земельного кодекса Республики Казахстан, подпунктом 1) статьи 8 Закона Республики Казахстан «О пастбищах», Талдыкорганский городской маслихат **РЕШИЛ**:

1. Утвердить План по управлению пастбищами города Талдыкорган и их использованию на 2025-2029 годы согласно приложению к настоящему решению.

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

**Председатель Талдыкорганского городского маслихата**

**Т.Ахажан**

Приложение к решению Талдыкорганского городского маслихата от \_\_\_\_\_ 2024 года № \_\_\_\_ «Об утверждении Плана по управлению пастбищами города Талдыкорган и их использованию на 2025-2029 годы»

### План по управлению пастбищами города Талдыкорган и их использованию на 2025-2029 годы

Настоящий План по управлению пастбищами и их использованию по городу Талдыкорган на 2025-2029 годы (далее – План) разработан в соответствии с Законом Республики Казахстан от 20 февраля 2017 года «О пастбищах», приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 29 июля 2024 года № 263 «Об утверждении типового плана по управлению пастбищами и их использованию» (зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 29 июля 2024 года № 34381). План принимается в целях рационального использования пастбищ, устойчивого обеспечения потребности в кормах и предотвращения процессов деградации пастбищ.

План содержит из следующих приложений №1, №2, №3, №4, №5 составленных из официальных статистических информации о наличии земель и распределения их по категориям, собственникам земельных участков, землепользователям и угодьям и сведения из информационной системы государственного земельного кадастра, также животноводства и растениеводства.

План принят с учетом сведений о состоянии геоботанического обследования пастбищ, сведений о ветеринарно-санитарных объектах, данных о численности поголовья сельскохозяйственных животных с указанием их владельцев – пастбище пользователей, физических и (или) юридических лиц, данных о количестве гуртов, отар, табунов, сформированных по видам и половозрастным группам сельскохозяйственных животных, особенностей выпаса сельскохозяйственных животных на культурных и аридных пастбищах.

Согласно административно-территориальному делению в городе Талдыкорган имеются 2 сельских округа. В сельских округах действуют 2 скотомогильника.

Общая площадь города Талдыкорган – 38311 гектар. По категориям земли подразделяются на:

- земли сельскохозяйственного назначения – 22586 гектар;
- земли населенных пунктов – 10398 гектар;
- земли промышленности, транспорта, связи, для нужд космической деятельности, обороны, национальной безопасности и иного несельскохозяйственного назначения – 1227 гектар;
- земли особо охраняемых природных территорий – 28 гектар;
- земли лесного фонда – 106 гектар;
- земли водного фонда – 266 гектар;
- земли запаса – 3700 гектар.

Климат города континентальный. Средняя температура января –11-13°С, июля 22-24°С. Среднее годовое количество осадков 350-400 мм. Основное их количество приходится на март – май и ноябрь – декабрь. Ветер в основном преобладает северо – восточном (34%), северном (16%) направлении.

Город Талдыкорган по природным условиям относится к предгорно-пустынно-степной зоне. Растения в основном полынно-типчаково-ковыльные.

Так же план содержит из следующих схем:

1) схема (карта) расположения пастбищ на территории административно-территориальной единицы в разрезе категорий земель;

2) схема (карта) с обозначением пастбищ, предназначенных для нужд населения по выпасу сельскохозяйственных животных личного подворья;

3) схема (карта) с обозначением рекомендуемых схем пастбищеоборотов, на которой указываются схемы пастбищеоборотов, рекомендуемые на основании геоботанического обследования пастбищ;

4) схема (карта) с обозначением сервитутов для прогона сельскохозяйственных животных, скотопрогонных трасс и иных объектов пастбищной инфраструктуры;

5) схема (карта) с обозначением пастбищ, которые могут быть предоставлены в землепользование пастбищепользователям.

6) схема (карта) с обозначением пастбищ, подлежащих резервированию в целях удовлетворения нужд населения по выпасу сельскохозяйственных животных личного подворья;

7) схема доступа к водоисточникам (озерам, рекам, прудам, копаням, оросительным или обводнительным каналам, трубчатым или шахтным колодцам).

Схема №1 к Плану по управлению пастбищами города Талдыкорган и их использованию на 2025-2029 годы

### Схема (карта) расположения пастбищ на территории административно-территориальной единицы в разрезе категорий земель





Схема №7

к Плану по управлению пастбищами города Талдыкорган и их использованию на 2025-2029 годы

### Схема доступа к водоисточникам (озерам, рекам, прудам, копаням, оросительным или обводнительным каналам, трубчатым или шахтным колодцам)




Схема №5

к Плану по управлению пастбищами города Талдыкорган и их использованию на 2025-2029 годы

### Схема (карта) с обозначением пастбищ, которые могут быть предоставлены в землепользование пастбищепользователем





Схема №6

к Плану по управлению пастбищами города Талдыкорган и их использованию на 2025-2029 годы

### Схема (карта) с обозначением пастбищ, подлежащих резервированию в целях удовлетворения нужд населения по выпасу сельскохозяйственных животных личного подворья



### Схема (карта) с обозначением пастбищ, предназначенных для нужд населения по выпасу сельскохозяйственных животных личного подворья




Схема №2

к Плану по управлению пастбищами города Талдыкорган и их использованию на 2025-2029 годы

### Схема (карта) с обозначением рекомендуемых схем пастбищеоборотов, на которой указываются схемы пастбищеоборотов, рекомендуемые на основании геоботанического обследования пастбищ




Схема №3


к Плану по управлению пастбищами города Талдыкорган и их использованию на 2025-2029 годы

Годы	Загон 1	Загон 2	Загон 3	Загон 4
2025	весенне-летний	летний	осенний	отдыхающий загон
2026	отдыхающий загон	весенне-летний	летний	осенний
2027	весенне-летний	летний	осенний	отдыхающий загон
2028	отдыхающий загон	весенне-летний	летний	осенний
2029	весенне-летний	летний	осенний	отдыхающий загон

Схема №4

к Плану по управлению пастбищами города Талдыкорган и их использованию на 2025-2029 годы

### Схема (карта) с обозначением сервитутов для прогона сельскохозяйственных животных, скотопрогонных трасс и иных объектов пастбищной инфраструктуры



## ЦИФРОВОЙ АУДИТ ВНЕДРЕНИЕ НОВЫХ МЕТОДОВ РАБОТЫ

Государственный аудит - это один из важнейших инструментов, который позволяет обеспечить прозрачность и эффективность использования бюджетных средств.

Одним из основополагающих принципов контрольной работы Департамента внутреннего государственного аудита по области Жетісу является риск-ориентированный подход в использовании бюджетных средств, то есть выявление риска нецелевого использования бюджетных средств и принятия соответствующих мер по снижению данного риска.

На сегодняшний день завершена очередная этап внедрения дистанционных методов контроля. По всем территориальным органам начата работа в новой системе «Онлайн бюджетного мониторинга», которая направлена на повышение

прозрачности управления средствами и оперативное выявление возможных нарушений в режиме реального времени.

В частности контроль за использованием бюджетных средств направленных на выплату заработной платы в сфере образования.

В настоящее время, результаты «Онлайн бюджетного мониторинга» показали высокие риски в области расходной части бюджета в виде излишнего перечисления бюджетных средств на карт счета физических лиц под предлогом выплаты заработной платы.

В случае выявления нарушений в использовании бюджетных

средств, Департаментом будет направлено письмо реагирования на объект, которое должно быть исполнено в течении десяти рабочих дней со дня, следующего за днем его сдачи (получения).

Комитетом внутреннего государственного аудита будет продолжена работа по цифровизации аудита и расширение взаимодействия с ключевыми участниками процесса и совершенствования инструментов контроля. Что в свою очередь приведет к обеспечению эффективного и целевого использования государственных средств.

**Куаныш САГЫМБАЕВ,**  
заместитель руководителя  
Департамента внутреннего  
государственного аудита  
по области Жетісу

## ДЕНСАУЛЫҚ ГЕПАТИТ В ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Гепатит В – бұл бауырдың қабынуына әкелетін вирус тудыратын инфекциялық ауру. Ол әлем бойынша кең таралған және көптеген адамдардың денсаулығына айтарлықтай қауіп төндіреді.

### Гепатит В қалай жұғады?

Гепатит В вирусы адам ағзасына қан, дене сұйықтықтары немесе анадан балаға босану кезінде жұғуы мүмкін.

### Гепатит В-ның қауіптілігі

Гепатит В ауруы жедел немесе созылмалы түрге ауысуы мүмкін. Созылмалы гепатит В бауыр циррозы мен бауыр обырына әкелуі ықтимал. Сонымен қатар, аурудың белгілері көбінесе білінбейді, сондықтан ол «жасырын қауіп» ретінде сипатталады. Гепатит В-дан қорғану үшін төмендегі алдын алу шараларын сақтау қажет.

Қорыта айтқанда, гепатит В алдын алуға болатын ауру. Ол үшін вакцинациядан өтіп, қауіпсіздік шараларын сақтау жеткілікті. Әрбір азамат өз денсаулығына жауапкершілікпен қараса, гепатит В-ның таралуын азайтуға үлес қоса алады. Денсаулық – баға жетпес байлық, сондықтан оны қорғау әркімнің міндеті.

**ШЖҚ «Жоғары медициналық колледжі» МКК**  
Білімгер: Аяжан МАДИГУЛЖАНОВА  
Жетекші: Айдана СЕЙТХАНОВА

## СОЗЫЛМАЛЫ ГАСТРИТІ БАР НАУҚАСТАРҒА МЕЙІРБИКЕЛІК КҮТІМ

Созылмалы гастрит – қарынның шырышты қабығының қабыну нәтижесінде дамуына патологиялық ауру. Бұл кеселдің салмағына тағамдану сапасының бұзылуы (төменгі сападағы және қорытылуы қиын асты тамақтануы), тағамда ақуыздың, темірдің, зәрмендердің тапшылығы, алкогольді шектен тыс тұтынуы, темекі тартуы және т.б әсер етеді.

Үлкен дәреті бұзылып, іші қатады. Қолмен басып қарағанда іштің жоғарғы бөлігі ауырады, кіндік тұсы да ауырсынады. Нақтама қою үшін фиброгастродуоденоскопия жасау, бауыр, өт жолдарын УЗИ, ішек құртына зерттеулер жүргізу қажет.

### Мейірбикелік күтім:

1. Дұрыс тағамдану режимі мен сәйкесінше диетаны сақтау.
2. Дәрігер тағайындаған дәрі-дәрмектерді науқастың дер кезінде және толыққанды қабылдауын қадағалау.
3. Темекі тартуға және алкогольді ішімдікті қабылдауға мүлдем тиым салу.
4. Терең және толыққанды ұйқыны қамтамасыз етуді, үйде және жұмыста жағымды жағдайды жасауды қарастыруды, күйзелісті азайтуды.
5. Сырқатты дене шынықтырумен және спортпен айналысуға үгіттеу.
6. Ауыз қуысын дер кезінде санациялауға кеңес беру.

**ШЖҚ «Жоғары медициналық колледжі» МКК**  
Білімгер: Гүлім ӘЛДІБЕКОВА, СД 511  
Жетекші: Альбина БАТЫРОВА

## ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ТАУАР ӨНДІРУШІЛЕРДІҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитеті мемлекеттік дерекқорлармен тікелей интеграцияға мүмкіндік жасауға қажетті заңға негізделген ақпараттық қамтамасыз ету және бизнес-серіктестер тізілімі адал кәсіпкерлерді қолдау мақсатында келесіні хабарлайды.

Қазақстан Республикасы «Өсімдіктерді қорғау туралы» Заңына және фитосанитариялық нормативтерді, фитосанитариялық есепке алу нысанда-рын, сондай-ақ оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2015 жылғы 29 маусымдағы №15-02/584 бұйрығына сәйкес, қызметі мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілерімен байланысты жеке және заңды тұлғалар фитосанитариялық есепке алуды жүргізеді және уәкілетті органның ведомствосына есептілікті табыс етеді.

Өсімдіктерді қорғау саласына қатысты есептілікті автоматтандыру бизнеске мемлекет қоятын талаптарды нақты түсінуге, тексерілудің ашықтығы мен оларды қысқартуға, ал уәкілетті органдарға тексерулерді тағайындау және жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, ҚР Кәсіпкерлік Кодексінің 112-1-бабына сәйкес ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, электрондық нысанда ақпараттық құралдарды ұсыну көзделген.

«Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Қазақстан Жаңа нақты ахуалда: іс-қимыл уақыты» атты Қазақстан халқына жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Жалпыұлттық жоспардың 29-тармағында (Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 14 қыркүйектегі №413 Жарлығы) «таза парақтан» реттеуді енгізу көзделген.

Осы тармақ шеңберінде кәсіпкерлерге қатысты қолданыстағы есептілікке ревизия жүргізу, оның ішінде мемлекеттік органға ұсынылатын есептіліктің, әрбір түрі бойынша автоматтандыру деңгейін талдау бойынша мәселе қазіргі уақытта пысықталып, «ABIS» электрондық порталы еске қосылды.

**П. ИМАНҒАЗЫ,**  
Талдықорған қалалық аумақтық  
инспекциясының өсімдіктерді қорғау  
және карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы

## МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР

«Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасының аумағында тасуға карантиндік сертификат беру» және «Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкелуге фитосанитариялық сертификат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтер.

Мемлекеттік қызметтерді Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің аумақтық инспекциялары көрсетеді.

### Өтінімдерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру:

1. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

2. көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

3. «Электрондық үкіметтің» [www.egov.kz](http://www.egov.kz), [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

### Өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер:

1. «Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкелуге фитосанитариялық сертификат беру»;

2. «Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасының аумағында тасуға карантиндік сертификат беру»;

3. «Ғылыми-зерттеу мақсатында карантиндік объектілерді (карантиндік зиянды организмдерді) әкелуді келісу»;

4. «Астық пен оның өңделген өнімдерін карантиндік арамшөп өсімдіктерінің тұқымдары мен жемістерін тіршілік ету қабілетінен айыруды қамтамасыз ететін технологиялар бойынша өңдеу және (немесе) сүректі қаптама материалын залалсыздандыру мен таңбалауды жүзеге асыратын объектілерге есепке алу нөмірін беру».

▲ Фитосанитариялық сертификат немесе оны беруден уәжді бас тарту өтініш берілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қағаз нысанда ресімделеді.

▲ Фитосанитариялық сертификатты немесе оны беруден уәжді бас тартуды ресімдеу өтінішке карантинге жатқызылған өнімнің мәлімделген партиясының межелі елдің карантиндік фитосанитариялық талаптарына сәйкестігін растайтын осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш берілген күнге дейін 7 (жеті) күнтізбелік күннен асырмай берілген карантиндік фитосанитариялық сараптама қорытындысы қоса берілген карантинге жатқызылған жылдам бұзылатын өнімді (жемістер, жидектер, көкөністер, бақша дақылдары) Қазақстан Республикасының аумағынан әкету үшін фитосанитариялық сертификат беруге арналған өтініш келіп түскен кезде 2 (екі) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

▲ Карантиндік сертификат немесе оны беруден уәжді бас тарту 8 (сегіз) жұмыс сағатынан аспайтын мерзімде тек электронды түрде ресімделеді.

Карантинге жатқызылған өнімдерді шығару және кіргізу бойынша туындаған сұрақтар бойынша Талдықорған аумақтық қалалық инспекцияға Біржан сал, 9 хабарласуыңызға болады. Тел: 8(7282) 32-78-19.

Жоғарыда көрсетілген мемлекеттік қызметтер ТЕГІН ЖҮРГІЗІЛЕДІ.

ҚР АШМ АӨК МИК аумақтық инспекцияларында карантинге жатқызылған өнім тиеленетін жерінде беріледі. Егер Сізге жемқорлық фактілері немесе Ар-намыс кодексінің нормалары бұзылғаны белгілі болған жағдайда Талдықорған қаласы, Болашақ көшесі №1 және келесі телефондарға хабарласуды сұраймыз 8 (7282) 26-83-37.

**М. КУЩЕВА,**  
Талдықорған қалалық аумақтық инспекциясының өсімдіктер  
карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы

## JETISÚ ADALDYQ ALAŇY КЕСЕЛДІҢ ЖОЛЫН КЕСУ КЕРЕК

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті. Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қамтитын қасиеті.

Кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам белсенділік танытуымыз қажет. Қазақстан Республикасының әр азаматы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыра білсе еліміздің дамуы бұдан да биік дәрежеге көтерілетіні хақ. Жалпы, кез келген қызметкер өз отбасында, әріптестерінің арасында осы бір қағидаларды ұран қыла білсе, бұл індеттің түбімен жойылатыны анық.

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоюға шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі белгілі.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ұшықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Сыбайлас жемқорлықпен күресуді азаматтық борыш деп білу керек.

### Шнарғұл ТИЛЕУМБЕТОВА,

«Талдықорған қаласының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің тұрғын үй көмек секторының бас маманы

## ҚАУІПСІЗДІК ОТШАШУДАН САҚТАН!

Отшашуларды, салюттерді, тағы да басқа пиротехникалық өнімдерді тек арнайы гүкөндерден сатып алыңыздар.

Оларды қолдан немесе бозарған сатып алуға болмайды, себебі, ол жерлерге сатылатын пиротехникалық өнімдер заңсыз әкелінген болып шығуы мүмкін. Отшашулар мен салюттерді тұрғын үйлердің немесе тез жанғыш заттардың қасында 20 метрден жақын жерлерде, төмен бастырмалар мен өсіп тұрған ағаштардың астында қолдануға болмайды. Отшашуларды жаққан кезде білмесін бетке жақын ұстауға болмайды.

Есте сақтаңыздар! Пиротехникалық заттарды қолданған кезде кездейсоқ бақытсыз жағдайлардың көбісі жауапкершіліксіздіктің салдарынан болады. Өздеріңізді, жақындарыңыз бен айналадағы адамдардың денсаулығы мен өмірін сақтаңыздар!

**Т.ҚОЙШЫБАЕВ,**  
Талдықорған қаласының  
ТЖБ бас маманы,  
азаматтық қорғау капитаны

## МЕНШІК ИЕСІ: «ТАЛДЫҚОРҒАН ТАҢЫ» ЖШС

Телефондар: Жауапты хатшы 40-11-02

E-mail: [taldyk@bk.ru](mailto:taldyk@bk.ru)

Газет аптасына бір рет - жұма күні шығады.

ОСЫ ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ - 5 100 дана.

Тапсырыс №1374 Индекс 65771

Газет 1992 жылдың 3-ші наурызмен шыға бастады

# Талдықорған

ДИРЕКТОР - БАС РЕДАКТОР  
НҰРШАНОВА

ГҮЛЖАНАТ МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Ж. Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

- Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, №15702-Г куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №712.11.02.1992.
- Қазақ және орыс тіліндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік - экономикалық апталығы.
- «Талдықорған» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
- «Талдықорған» газетінде жарияланған материалды өзге басылым рұқсатсыз пайдаланбайды.
- Газетке басылатын материалдар аптаның әр бейсенбісінде сағат 12:00-ге дейін қабылданады.
- Газет «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.
- Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 32 үй.